

№Қарақия ауданының Ботагөз селолық округін тарату туралы

Маңғыстау облысы әкімі мен Маңғыстау облыстық мәслихаттың біріккен N 12/105 20 маусым 2001 жылы шешімі Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2001 жылғы 28 маусымдағы N 471 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының Z010148_6 бабы 1 тармағы 4)тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат және облыс әкімі шешім етті:

1. Қарақия ауданының Ботагөз селолық округі таратылсын .
2. Таратылған Ботагөз селолық округінің құрамына кіретін елді

мекендердің әкімшілік бағыныштылығы Қарақия ауданының селолық (поселкелік) округтеріне қаратылсын (қосымшаға сәйкес).

3. "Қарақия ауданының Ботагөз селолық округін тарату туралы" облыстық мәслихатының 1999 жылғы N 23/255 шешімінің әділет органдарына тіркеуге берілмеуіне байланысты, күші жойылған деп танылсын.

Сессия төрағасы

Қ.Ізімов

Облыс әкімі

Л.Қиинов

Облыстық мәслихат
хатшысы

Б.Чельпеков

Маңғыстау облыстық мәслихаты мен

Маңғыстау облысы әкімінің 2001 жылғы
20 маусымдағы N 12/105 шешіміне

жалғама

Ботагөз селолық округінің аумағында тұрған

елді мекендердің әкімшілік бағыныстылығын
Қарақия ауданының селолық (поселкелік)
округтеріне қарату туралы

1. Құрық поселкелік округіне - Жаман Қызыладыр, Жақсы Қызыладыр, Мешітті қора, Самалет ой, Бескемпір, Көктас, Ракушечный, Удек, Құйжақ, Жұлдыз, Тасмұрын елді мекендері.
2. Жетібай поселкелік округіне-Шұқырой, Асар, Шынжыр-1, Шынжыр-2, Қонайқора, Бисенбай, Тасболат, Үшқұй, Тарла, Боржақты, Қожабай қора, Жұмақазық қора, Кенжей қора елді мекендері
3. Құланды селолық округіне - Аққора, Ботагөз, Қорғанбай, Шапалақ, Фетисово елді мекендері
4. Бостан селолық округіне - Қарамандыбас, Борсықмұрын, Сартөбе, Өзен ойы елді мекендері